

Жүнісова М.Ә.,¹ Қасенов Е.С.²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ИСЛАМ ДӘУІРІНІҢ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕР

Аңдатпа

Мақалада ислам дәуірі мұраларындағы тәрбие мәселесіне қатысты мақал-мәтелдердің қолданылуы сөз болған. Ислам дәуіріндегі поэзиялық туындыларда орын алған паремиялогиялық бірліктердің стилдік ерекшелігіне және бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне ықпалына назар аударылған. Түркі халқына ортақ мұралардағы, әсіресе Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Йүгінеки, Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани еңбектеріндегі бала тәрбиесіне, жалпы адамзат тәрбиесіне арналған паремиялогиялық бірліктердің өміршеңдігі сөз болады. Ислам дәуірінде өмір сүрген тұлғалардың тәрбие жайындағы қағидалары бүгінгі тәрбие беруде үнемі басшылыққа алып отыру қажеттілігі де айтылған.

Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Йүгінеки, Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани сынды ортағасырлық ойшылдардың адамзат тәрбиесіне ерекше мән бергендігі тәрбиенің қай кезеңде, қай қоғамда болмасын маңыздылығын нақтылай түсетіндігі айтылады. Ғалым Әбжан Құрышжанұлы тәржімалаған ескі түркі жазба ескерткіштеріндегі тәрбиеге қатысты даналық ойларға талдау жасалады. Сондай-ақ паремиялогиялық бірліктердің бүгінгі еліміздегі тәрбие берудегі орны мен маңызы да дәйектеледі. Бүгінгі тәрбие беру бағыттарына түркі дүниесінің даналық ойларын енгізу арқылы тәрбиелеу қажеттілігі сөз болады. Мақалада қазақ жастарының бойындағы елге, Отанға деген сүйіспеншілігін оятудағы міндеттер нақты көрсетілген.

Түйін сөздер: паремия, паремиялогиялық бірліктер, стильдік ерекшелік, тәрбиелік мән, отбасы тәрбиесі, тілдік факті, жазба ескерткіш

Zhunisova M.,¹ Kasenov Y.²

^{1,2}Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

PAREMIOLOGICAL UNITS ABOUT EDUCATION IN THE LITERARY HERITAGE OF THE ISLAMIC AGE

Abstract

The article is about the use of proverbs related to education in the Islamic heritage. The article focuses on the stylistic features of paremiological units in poetry of the Islamic Age and their influence on the upbringing of today's generation. It also discusses the vitality of paremiological units dedicated to the upbringing of children and the education of mankind in the heritage of the Turkic people especially in the works of Yusuf Balasaguni, Mahmud al-Kashgari, Akhmet Yuginaki, Akhmet Yassawi and Suleyman Bakyrani. It is also stated that today's upbringing should always be guided by the principles of upbringing of people living in the Islamic Age.

It is said that medieval thinkers such as Yusuf Balasaguni, Mahmud al-Kashgari, Akhmet Yuginaki, Akhmet Yassawi and Suleyman Bakyrani paid special attention to the education of humanity, which confirms the importance of education at any time and in any society. This work analyzes the wisdom of education in the ancient Turkic written monuments, translated by the scientist Abzhan Kuryshzhanovich. The role and significance of paremiological units in education in the modern country is also confirmed in the article. The work also discusses the need for education through the introduction of the wise ideas of the Turkic world into today's educational areas. The article clearly describes the significance of instilling love for the country and the motherland in the Kazakh youth.

Keywords: paremia, paremiological units, stylistic features, educational value, family upbringing, linguistic fact, written monument

Жунисова М. А.,¹ Касенов Е. С.²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ПАРЕМИОЛОГИЧЕСКИЕ ЕДИНИЦЫ О ВОСПИТАНИИ В ЛИТЕРАТУРНОМ НАСЛЕДИИ ИСЛАМСКОЙ ЭПОХИ

Аннотация

В статье речь идет об использовании пословиц и поговорок, касающихся проблемы воспитания в наследии исламской эпохи. Обращено внимание на стилевую специфику и влияние паремииологических единиц, имеющих в поэтических произведениях исламской эпохи. В общем наследии тюркского народа, особенно в трудах Жусупа Баласагуна, Махмута Кашгари, Ахмета Йугинеки, Ахмета Яссауи, Сулеймана Бакыргани будет выражена жизнеспособность паремииологических единиц, посвященных воспитанию детей, воспитанию человечества в целом. Принципами воспитания людей, живших в Исламскую эпоху, должны постоянно руководствоваться в современном воспитании.

Подчеркивается, что средневековые мыслители, такие как Жусуп Баласагун, Махмут Кашгари, Ахмет Йугинеки, Ахмет Яссауи, Сулеймен Бакыргани, придавали особое значение человеческому воспитанию, подчеркивая важность воспитания на любом этапе и в любом обществе. Анализируются мудрые соображения, касающиеся воспитания в древнетюркских письменных памятниках, созданных ученым Абжаном Курышжанулы. Также обосновывается роль и значение паремииологических единиц в воспитании в современной стране. Речь идет о необходимости воспитания путем включения в воспитательные направления мудрых мыслей тюркского мира. В статье четко обозначены задачи воспитания у казахской молодежи любви к стране, родине.

Ключевые слова: паремия, паремииологические единицы, стилистические особенности, воспитательное значение, семейное воспитание, языковой факт, письменность

Кіріспе. Кез келген ұлт тілінің қалыптасуын зерделеу үшін оның әр дәуірде жазылған әдеби мұраларын бүгінгі ғылым биігінен жіті қарастыру қажеттігі аңғарылады. Белгілі бір көркем туындының тілін зерделеу үшін ол тілдің қай ұлтқа жақын-алыстығын салыстыра қарау және оған ғылыми талдау жасау аса қажет. Себебі, қадым замандардан бүгінге дейін сақталып келген көркем шығармалардағы тілдік бірліктердің әсіресе, паремиялогиялық бірліктердің қолданылуы сол бірліктердің маңызын айқындай түседі. Сонау ғасырларда өзара ынтымағы жарасқан түркітілдес халықтардың әдеби мұраларынан орын алған тәрбиелік мәні басым паремиялогиялық бірліктердің орын алуы ұлт мінезінің қалыптасуына қаншалықты ықпал еткенін және бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі оң әсерін ғылыми негізде ашып көрсету осы мақаламыздың құндылығын айқындай түседі. Дәлірек айтсақ, ислам дәуіріндегі көркем туындылар тіліндегі паремиялогиялық бірліктер бүгінгі қазақ әдеби тілі мен қазақ сөз өнері дамуының көркемдік-эстетикалық тарихын теренірек тануға жетелейді.

Әдістеме. Түрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген Ж.Баласағұн, М.Қашқари, А.Йүгінеки, А.Яссауи, С.Бакыргани еңбектеріндегі бала тәрбиесіне, жалпы адамзат тәрбиесіне арналған паремиялогиялық бірліктерді зерделеуде ең алдымен, өзара тілдік салыстыру, стильдік талдау жұмыстарын жүргізбейінше оң нәтиже бермесі анық. Осымен байланысты Ислам дәуіріндегі дидактикалық сарындағы көркем туындыларынан орын алған паремиялогиялық бірліктердің тап қазіргі уақытта қолданылу мәселесі мен маңызы ой елегінен салыстырмалы түрде өткізілді. Әлбетте, қай кезеңде болмасын ұлт тіліндегі тәрбиелік мәні зор паремиялогиялық бірліктер қоғамдағы адамдардың жағымды мінез бен ізгі қасиеттерін, әдеп пен әдет межелерін орнықтыра түсуде мән-маңызы ерекше болды.

Нәтижелер. Осы ғылыми мақала барысында ислам дәуіріндегі әдеби жәдігерлерді зерделеген, салыстырмалы зерттеу жасаған ғұламалар еңбектерінің жалпы тізімі жасалынды. Ол Ж.Баласағұн, М.Қашқари, А.Йүгінеки, А.Яссауи, С.Бакыргани еңбектеріндегі бала тәрбиесіне, жалпы адамзат тәрбиесіне қатысы бар паремиялогиялық бірліктерді зерделеуге бағытталған іргелі зерттеулерге бағдар болатыны даусыз. Сондай-ақ зерттеу барысында түрколог-ғалым Әбжан Құрышжановтың “Ескі түркі жазба ескерткіштері” атты еңбегінің тіл тарихын, ұлт тіліндегі паремиялогиялық бірліктерді зерделеудегі құндылығы айқындалды.

Талқылау. Адамзат баласы қай уақытта болмасын өз ұлтының тарих сахнасындағы өміршендігі үшін ұрпақ тәрбиесіне аса мән бергені аян. Оны біз ислам дәуіріндегі әдеби жәдігерлерді зерделеу барысында бағамдадық. Әр дәуірде жазылған әдеби мұра тіліндегі тілдік бірліктер, әсіресе мақал-мәтелдер (паремиялогиялық бірліктер) арқылы ұрпақ тәрбиесінің өзектілігі қай уақытта болмасын айқын аңғарылады. Жалпы тәрбие – адамзат дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын бірден-бір айрықша құбылыс. Сол себепті де оның әр мемлекеттің өркендеуінде өзіндік үлесі бар. Бұдан әрбір мемлекеттің дамуы ұрпақ тәрбиесімен тығыз байланысты екендігін аңғарамыз. Сондықтан да ел тірегі – бүгінгі жас ұрпақты білім-білігі мол, қарапайым да ізетті, әдеби жоғары мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ата-ананың, мұғалімнің, мектептің, тіпті барша адамзат баласының қоғам алдындағы борышы.

Тәрбие мәселесі күні бүгін ғана қолға алынып отырған мәселе емес. Адамзат қоғамының дамуы барысында ұрпақ тәрбиесі ескерусіз қалмай, үнемі қадағаланып отырды. Ел келешегін қаперінен еш шығармаған озық ойлы тұлғалар тәрбие мәселесін тасқа да басты, кітапқа да жазды. Соның бірі – орта ғасыр рухани мұраларынан орын алған тәрбиеге қатысты ой-пікірлер. Барша түркі халқына ортақ әдеби мұралардағы, әсіресе Сайф Сараи, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгінеки, Ахмет Яссауи сынды ғұламалар еңбектеріндегі адамзат тәрбиесіне арналған тәлім-тәрбиелік мәні жоғары ой-пікірлердің құндылығы күн озған сайын артып келеді.

Белгілі түркітанушы ғалым Әбжан Құрышжанұлы «Ескі түркі жазба ескерткіштері» атты еңбегінде орта ғасыр ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктері туралы айта келе, «түркі халықтарының рухани-мәдени, тарихи өмірінде, XI-XII ғасырларда жасаған ақыл-ой мен білімнің төрт алып тұлғасы бар: М.Қашқари, Ю.Баласағұни, А.Йүгінеки және А.Иассауи» – деп атап көрсетеді[1, 4]. Ғалым осы еңбегінде: “кейбір авторлардың (мысалы, Ю.Баласағұни, М.Қашқари, А.Йүгінеки, С.Сарайи т.б.) шығармалары өлеңмен жазылған (дастандар). Олардың негізгі сюжеттік ауқымы (мазмұны) дидактикалық (тәлім-тәрбиелік мәні бар) ойларға құрылған дүнияуи философиялық толғаулар болып келеді” – деген тұщымды пікір айтады[1, 25]. Жоғарыда аталған тұлғалардың ғасырлар елегінен өткен даналық ойлары өскелең ұрпақ тәрбиесіне игі ықпалын тигізетіндігі анық. Қай уақытта болмасын тіл адам мен әлем, ғасыр мен ғасыр арасын жалғастыра отырып, адамның қоғамға ықпал етуіне мүмкіндік береді. Бұл тілдің, тілдік бірлік арқылы көрініс тапқан ойдың күшті қару екендігін дәлелдей түседі.

Уақыт ағымымен бірге күнделікті дамудың жаңа сатысына көтеріліп отырған қоғам өмір сүрудің жаңа талаптарын ұсынып отыр. Жаңа күн, жаңа заман, жаңа талап – қоғам дамуы, өзгерісі. Өзгерістер мемлекеттің басты құндылығы – халықты айналып өтпейтіні де белгілі. Сол себепті де мемлекет келешегі – жас ұрпаққа саналы тәрбие берудің сапалық деңгейін көтеру, отансүйгіштік сезімін ояту, ізгілікке баулу, өзіне және өзінің әрбір ісіне деген жоғары деңгейлі талабын жетілдіру, жауапкершілігін арттыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі, негізгі тіні. Осыған орай, елімізде заман рухына әрі ұлт мәдениетіне сәйкесетін, жақын келетін тәрбие берудің үлгілі жолдарын іздестіруде. Осымен байланысты туындағын Тәрбие негізі неден бастау алуы қажет?, Тәлім-тәрбие мазмұны нені қамтуы керек?, Тәрбие беруде қандай бағытқа басымдық берген дұрыс? сияқты келелі сауалдар жауабын ғалым Әбжан Құрышжанұлы тәржімалаған түркі жазба ескерткіштерінен аңғаруға болады.

“Отан – отбасынан басталады” демекші, тәрбие негізі отбасында берілуі, қаланыуы керектігі ортағасырлық еңбектерде әлдеқашан айтылып кеткен-ді. Мысалы, “*тәрбиесі жаманға жақсы ұстаздан пайда жоқ*” (С.Сарайи), “*түріне қарама – тәрбиесіне қара*” (М.Қашқари), “*ұл-қызға әдеп үйрет,білім-өнер; көп көріп содан пайда кемелденер*” (Ж.Баласағұн)[1, 71; 359]. Бұл – бүгін де, ертең де тәрбиеге баса назар аударуды сөзсіз-ақ ұғындыратын тәмсілдер. Тіпті, еліміз Атазаңының 27-інші бабы 2-інші тармағында “балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті” – делінген[2]. Бұл жеке адамның қалыптасуы ең алдымен, отбасындағы тәрбиеге барынша тәуелді екендігін нақтылап тұр. Демек, әрбір ата-ана, әрбір отбасы – мемлекетті құраушы негіз ретінде тәлім-тәрбие беру жайында білуі шарт. Сондықтан да өз елінің арда азаматын тәрбиелеу – мемлекет мүддесі үшін жасалатын ерен іс. “Жас ұрпаққа берілетін тәрбие алдымен мемлекеттік мүддеге қызмет етуі тиіс. Мемлекеттік мүдде деп отырғанымыз Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен егемендігі үшін ғасырлар бойы күресіп, «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының ұлттық мүддесі екендігін ашық айту қажет. Қазақ халқының ұлт ретінде сақталуы, ұрпақ сабақтастығын ұлттық үрдісте үдерісті жалғастыруы – өзекті мәселе. Сондықтан да қазақ халқының ұлттық мүддесі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүддесі болып табылады. Өз тәуелсіздігін қорғап қалған қазақ халқының мемлекеттілігін баянды етудің ең маңызды және тура жолы тамырын тереңге жіберген ұлттық тәрбие екендігі даусыз. Ол Қазақ азаматының ұлттық-патриоттық рухын кемелдендіреді”[3, 176]. Бұл айтылғандардан ел жастарына тәрбие беру қай қоғамда, қай елде болмасын үздіксіз жүргізіліп отырылуы тиіс бағыт екендігі айқын көрініс тауып тұр. Халықтың ғасырлар бойы іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттері жас ұрпақтың бойына тек тәлім-тәрбие арқылы сіңіріледі, жас ұрпақтың қоршаған ортадағы өзара қарым-қатынасы, дүниетанымы мен өмірге деген көзқарасы және соған сай мінез-құлқын тек оңтайлы берілген тәрбие қалыптастырады. Сол себепті, мемлекеттегі бүгінгі ұрпақ тәрбиесі отбасынан бастау алады әрі әрдайым солай болуы керек. Ол Жүсіп Баласағұн еңбектеріндегі “ұлдар мен қыздарды қалай тәрбиелеу керек” деген бөліміндегі:

*Өзіңнен ұл-қыз туса, асыл бекзат,
Қолда өсір, ұстай көрме алыста жат.
Мейірімді, таза болса тәрбиесі,
Баланың еркін өсер ақыл-есі.*

Ұлыңа үйрет білім, барлық амал,

Сонымен ол жияды қазына мал – деген жолдарында айқын көрініс тапқан[1, 359]. Бұл жолдардағы “*ұл-қызды алыста ұстамау*”, “*таза тәрбиелеу*”, “*білім беру*” сынды тіркестер мемлекеттің басты капиталы – адам екендігін жете ұғындыратын тілдік бірліктер. Бұлар бүгінгі тіліміздегі “*ұшқанда не көрсең, ұшқан соң соны ілерсің*”, “*атаға қарап бала өсер*” сынды мақал-мәтелдердің негізі десек те болады. Ал олардың көркем туынды тілінен орын алуының өзі сол кезең тынысының, сол дәуір танымының бір парасы.

Ал адамзат баласының мінезі турасындағы Ахмет Йүгінекидің:

*Бақыла бар қылықты, жақсыны – ерте,
Ізгілік кімде болса, соны “ер” - де.
Ағаш қой – қайырсыз жан жемісі жоқ,
Ағашты жемісі жоқ, кесіп өрте.*

*Қыла біл жаман іске жақсылықты,
Ізгі істің осы болар басы мықты.*

*Біреуден бір жақсылық көре қалсаң –
Еселеп қайтар ақыл осыны ұқты*

– деген жолдарынан да ұрпақ тәрбиесіндегі мінез-құлықты тәрбиелеудің мән-маңызын ұғындырғанын көреміз [1, 373]. Орта ғасырлардағы өзекті болған тәрбие жайындағы бұл қағидаларды бүгінгі тәрбие беру үдерісінде үнемі басшылыққа алып отыруымыз ләзім. Себебі, “тарихи-әлеуметтік өмір тәжірибелерінен алып, терең де зерделі тұжырым жасап, асылдай қорытып, алмастай шыңдап айтатын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді (нақыл сөздерді; қалыпты, орнықты, қалыптасқан тіркестерді; афоризмдерді; ұтымды, жинақы, образды, айшықты өткір сөз орамдарын) халық өлшеусіз көп шығарған. Әрбір тіл де, сол тілде сақталып жүрген сөздің інжу-маржаны да – атам заманнан бері жасалып келе жатқан көне мәдениеттердің көзі. Ол халықпен біте қайнасып, бірге жасайды. Сондықтан да ол – ел жұрт өмірінің айнасы, табиғи шындықтың өзі” [1, 22].

Жұмыр басты пенденің бүтін болмысы өмір сүріп, тіршілік ететін ортасынан алшақ кете алмайды. Сол себепті де адамның шындық болмысты тануынан бастап, әлеуметтік ортадағы қарым-қатынасы, өзіндік дара ұстанымы, білім-білік дағдысы, тәлім-тәрбиесі де тілдік ұжымның рухани болмысымен астаса келіп, дүниенің паремиялогиялық бейнесінен айқын көрініс табады. Өйткені, адам бар жерде тіл бар, тіл бар жерде таным бар. Адамның танығаны белгілі бір тілдік бірліктер арқылы көрінеді. Ал ол тілдік бірліктердің өміршеңдігі оның адамның жеке өміріндегі маңызымен тікелей байланысты.

Адамзат баласының болмыс-бітімі – жақсылы-жаманды алуан түрлі қасиеттерінің жиынтығы десек, мақал-мәтелдер адам болмысының түзік қалыптасуына өз септігін тигізеді. Махмұд Қашқари өзінің “Түбі бір түркі тілі” (“Диуани лұғат ти-турк”) еңбегінде: “түркі халықтарының байырғы заманнан көрген-білгендерін баяндайтын бәйіт-жырлары мен қайғылы және қуанышты күндерінде айтатын терең мағыналы мақал-мәтелдерінен мысалдар келтірдім” [4, 10] – деген пікір айтқан. Бұдан сол кезеңде де паремиялогиялық бірліктердің адамзат болмысындағы маңызы ересен екендігі аңғарылады. Ескі жәдігерлер тілін зерделеген ғалым Әбжан Құрышжанұлы жазба ескерткіштер тіліндегі паремиялогиялық бірліктердің ұлт болмысын толыққанды қалыптастырудағы мән-мазмұнын жете сезіне отырып, “көне түркі жазба мұраларында кездесетін мәйекті сөз тіркестерінің тіл байлығын зерттей беру – алдағы міндет” – деп атап көрсетті. Шындығында тіліміздің мазмұнды да мәнді бөлігін құрайтын паремиялогиялық бірліктер – ғасырлар елегінен өткен ұлттық пайым негізі. Мәселен, Ю.Баласағұни, М.Қашқари, А.Йүгінеки, С.Сарайи сынды ғұламалардың тіл туралы қалдырған мынадай тұжырымдарының бүгінгі күні де маңызы жоғары. Себебі, мұнда тәрбиелік мән мен өнеге басым. Ал “тәрбие басы – тіл”.

“Әдептің басы – байқап сөйлеу” (А.Йүгінеки);

”Тіл жарасы бітпейді,

Оқ жарасы бітеді” (А.Йүгінеки);

“Тілмен түйгенді тіспен шешпейді” (М.Қашқари);

”Айтар сөзге тұңғыңаның,

Ноқтаға басты ұсынғаның” (М.Қашқари);

”Тіл сыйлы етер, құтты қылар, өсірер,

Бас та жарар, қадір-құтты өшірер” (Ю.Баласағұни);

”Тыңдап жүріп толар ақыл дорбасы,

Көп сөйлесе – ұшар ердің қор басы.

Тыңдай білсе – қанар құлақ құрышы,

Көп сөйлесе – қашир адам ырысы” (Ю.Баласағұни);

”Жаңылмайтын жақ бар ма, айтшы, тыңдайын,

Жаңылғанның көрдім түмен, мыңдайын.

Сөйлеген соң жаңылып та кетесің,

Ойлы кісі түзетеді, қатесін” (Ю.Баласағұни);

Өткен дәуірлер қойнауынан бүгінге дейін жеткен бұл паремиялогиялық бірліктердің маңызын мүлдем жоғалтпағаны, ұлт тілінде көрініс тауып, бүгінгі адам санасында әлі де өмір сүріп келе жатқаны олардың адамзат өміріндегі мазмұндық құрылымының күрделілігін танытады, маңызын айқындайды. “Мақал-мәтелдер – белгілі бір халықтың қоғам тіршілігінен, табиғат құбылысынан жасаған қысқаша қорытындысы, әлеуметтік және адамдар арасындағы қарым-қатынастарды белгілейтін заңы, жас ұрпақты тәрбиелейтін өсиеті, насихаты, оқулығы” [5, 5]. Сондықтан оның ұрпақ тәрбиесінде алар орны айрықша. Жоғарыдағы мақал-мәтелдер құрамындағы “тіл жарасы”, “ақыл дорбасы”, “әдеп басы”, “жаңылмайтын жақ” сынды тіркестер тілімізде бүгінгі күні де еркін қолданыстағы тіркестер. Мұндай тіркестер паремиялогиялық бірліктердің стилистикалық бояуын күшейтіп, экспрессивтік мәнін күшейтеді. Экспрессивтік бояуы күшті тіркестерге толы паремиялогиялық бірліктер әрбір қазақ азаматының елге, Отанға деген сүйіспеншілігі, риясыз ниеті мен ыстық ықыласын арттыруға ықпал етті. Берік достық пен мәрттік сезімінің біртұтастығына әкелді. Бұл сезімге ие болу

– бақыт. Ендеше, жастарды орта ғасыр туындылары тіліндегі паремиялогиялық бірліктер арқылы тәрбиелеуде мынадай міндеттер бар. Олар:

1. Ислам дәуірі мұралары бойынша ер балалар мен қыз балалар тәрбиесіне бағытталған жүйелі жоспар құру;

2. Ислам дәуірі мұраларындағы ана тілге, елге, жерге деген сүйіспеншілікті арттыра түсетін тілдік бірліктерге негізделген онлайн форматтағы іргелі іс-шараларды айқындау;

3. Ислам дәуірі мұралары негізінде өскелең ұрпақты ұлтжандылық рухта тәрбиелеуге жетелейтін іс-шараларды дәстүрлі түрде жүргізуді қолға алу;

4. Бүгінгі әрбір жас буын өкілін өз Отанын қастерлеуге, туған жерін құрметтеуге, ата-бабаның озық салт-дәстүрлерінің құндылығын мақтаныш тұтуға баулуға мүмкіндік жасайтын нақтылы іс-шараларды анықтау. Аталған міндеттерді *орындау* және оларды дамыта отырып *жүзеге асыру* жастарға тәрбие беру жұмыстарының бірізді әрі жүйелі түрде жүруіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ жас ұрпаққа тәрбие берудің тиімділігі артады. Бұдан түйер түйін: бүгінгі тәрбие жұмысы түркі халқына ортақ ислам дәуірі мұраларындағы ұрпақ тәрбиесіне қатысты ой-пікірлермен байланысты жүзеге асырылуы абзал.

Қорытынды. Бүгінгі ел жастарының “толық адами” (Абай) келбетін қалыптастыруда тәрбиенің этнопсихологиялық негіздері мен түркі мұраларындағы тәрбиеге қатысты мәселелерді бір арнаға тоғыстырып, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов т.б. ұлт ойшылдары мен қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұрпақ тәрбиесі туралы ой-пікірлерді басшылыққа ала отырып, тәлім-тәрбие беру жоспарын жасау және орындау жас ұрпақтың өнегелі болуына мол мүмкіндік береді. Түйіндей келгенде, ұлттың ұрпақтан ұрпаққа үзілмей келе жатқан құндылықтарын жас ұрпақ бойына сіңіру – мемлекет мүддесі, ел игілігі.

Ұлт тіліндегі паремиялогиялық бірліктер – халықтың өмірлік іс-тәжірибесі, күнделікті тіршілік барысында жасаған пайымдарының өткір де ықшам мәйегі. Ал ислам дәуірінде жарық көрген көркем туындылар тіліндегі қанатты сөздер, мақал-мәтелдер – “адам мен қоғам” арақатынасының ажырамас бірлікте екендігін сипаттайтын, тәрбиелік мәні жоғары паремиялогиялық бірліктер. Оған баса мән беріп, жіті қарастыру профессор Әбжан Құрышжанұлының зерттеулерінен айқын танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Алматы: Қайнар, 2001. – 472 б.-кітап*

2 *Қазақстан Республикасының Конституциясы. //www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution-интернет*

3 *Сәдуақасұлы Ә. Қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиясының кейбір мәселелері. – Алматы: Дайырбаспа, 2012. – 306 б.-кітап*

4 *Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: “Хантәңірі”, – 528 бет. .-кітап*

5 *Адамбаев Б. Қазақ халық әдебиеті: мақал-мәтелдер. – Алматы: «Ғылым», 1996. .-кітап*

References:

1 *Kuryshjanuly A. Eski turki jazba eskertkisteri. – Almaty: Kainar, 2001. – 472 b.-kitap*

2 *Kazakhstan Respublikasynyn Konstitusiasy. //www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution- internet*

3 *SAduaKasuly A. Kazak etnopedagogikasy men etnopsihologiasynyn keibir mAselereri. – Almaty: Daiyrbaspa, 2012. – 306 b.-kitap*

4 *KasKari M. Turik tilinin sozdigi: (Diuanii lugat-it-turik): 3 tomdyk sygarmalar jinagy / Kazak tiline audargan, algy sozi men gylymi tusinikterin jazgan A.Egeubai. – Almaty: “HantAniri”, – 528 bet. .-kitap*

5 *Adambaev B. Kazak halyk Adebieti: maKal-mAtelder. – Almaty: «Gylym», 1996. .-kitap*

MPHTI 16.31.61

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.11>

Ibrayeva Zh.,¹ Zhaksylykkyzy K.²

^{1,2}*Al-Farabi Kazakh National university,
Almaty, Kazakhstan*

THE ROLE OF NEUROLINGUISTIC RESEARCH IN THE STUDY OF BILINGUALISM

Abstract

The use of two or more languages is common in most countries of the world. However, until recently, bilingualism was considered as a factor that complicates the processing of speech, cognition and the brain. In the past 25 years there have been a surge in research on bilingualism, including the study, mastery and processing of languages, their cognitive and neural foundations, and the lifelong implications of bilingualism for cognition and the brain. Contrary to the belief that bilingualism complicates the language system, new research demonstrates that all known and used languages become part of the same language system. The interactions that occur when using the two languages have consequences for mind and the brain and indeed for language processing itself but these implications are not additive.